



## **КУТУМБЕТОВ ЛЕСПЕК БЕКБОЛАТУЛЫ –**

«ҚазҒЗВИ» ЖШС аусылға мониторинг жасау тобының жетекшісі, ветеринария ғылымдарының докторы.

**Туған күні мен жері:** 24.08. 1958 ж. Оңтүстік-Қазақстан облысы, Бөген ауданы, Темірлан ауылы.

**Білімі мен ғылыми дәрежесі:** жоғары, ветеринарлық - 1980 жылы Алматы зооветеринарлық институтын бітірген. 1991 жылы кандидаттық диссертация қорғады. 2010 жылы докторлық диссертациясын «Жануарлар мен құстардың шешек ауруына қарсы вакцина дайындау технологиясының негізі» тақырыбы бойынша қорғаған. Ветеринария ғылымдарының докторы, доцент.

**Ғылыми қызмет саласы:** ветеринарлық медицина, вирусология, эпизоотология.

### **Жұмысының негізгі кезеңдері:**

1975-1980 жж. Алматы зооветеринария институтының студенті;

1980-1984 жж. Ғылыми-зерттеу ауылшаруашылық институтының аға лаборанты;

1984-1991 жж. кіші ғылыми қызметкер;

1991-1992 жж. аға ғылыми қызметкер;

1992-1997 жж. зертхана меңгерушісі;

1980-1992 жж. КСРО ауылшаруашылық министрлігіне қарасты ҒЗАШИ (НИСХИ) ;

1993-1995 жж. Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық министрлігіне қарасты ҒЗАШИ (НИСХИ) ;

1996-1997 жж. Қазақстан Республикасының ғылым және жаңа технология министрлігі;

1982-1986 жж. ССРО АШМ Ғылыми-зерттеу ауылшаруашылық институтының сырттай бөлімінің аспиранты;

1991 жылдан ветеринария ғылымдарының кандидаты;

1997-1999 жж. ҚР АЗҰО ҚазҒЗВИ вирусология зертханасының меңгерушісі;

2000-2002 жж. АШМ РФ ФГУ «ВНИИЗЖ» вирустарды өсіру зертханасының меңгерушісі;

2002 ж. «ҚазҒЗВИ» ЖШС микроорганизмдер мұражайының меңгерушісі;

2003-20012 жж. «ҚазҒЗВИ» ЖШС құс аурулары зертханасының меңгерушісі;

2012-2014 жж. «ҚазҒЗВИ» ЖШС вирусология бөлімінің меңгерушісі;

2015 ж. «Індеттанулық мониторинг және жануарлардың вирусты ауруларының тәуекелдерін бағалау» бөлімінің меңгерушісі;

2016 жылдан бастап аусыл мониторингі тобының жетекшісі.

**Еңбектері мен жарияламдары:** 200 ден астам ғылыми жұмыстары, соның ішінде ҚР 30 алдын ала және инновациялық патенттері, вакцина мен диагностикум түріндегі 12 биологиялық ветеринариялық дәрмектер жасау технологиясы, оның үшеуі еліміздің ветеринария саласына кең көлемде енгізілген. Оның жетекшілік жасауымен ветеринария ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін үш диссертация, биология ғылымдары кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін, бір диссертация және С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ғылыми медициналық университетінің дипломын алу үшін бір жұмыс қорғалды. АШМ ССРО, АШМ ҚР және ҚР БҒМ мақсатты мемлекеттік бағдарламасы бойынша 25 ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасап, оның орындалуына тікелей жауапты болды.

### **Негізгі жетістіктері:**

1. Қойдың, ешкінің күл, құстың шешек және уақ малдың оба ауру вирустарын өсіру әдістері ойлап табылды.

2. Қайталанған жасуша өсіндісін қолдана отырып қойдың күл ауруына қарсы вакцина дайындау технологиясы жасалды.

3. Қойдың, ешкінің күл және сібір жарасына қарсы қоспарлы тірі, құрғақ вакцина дайындау технологиясы жасалды.

4. Құс тұмауының А түріне, H5N3, H7N7 түршесі және Ньюкасл ауруларына қарсы инактивтелген қоспарлы вакцина дайындау технологиясы жасалды.

5. Жылқының ринопневмония ауруына қарсы тірі өсінділік вакцина дайындау технологиясы жасалды.

6. Ауылшаруашылық малдарының құтырық ауруына инактивтелген вакцина дайындау технологиясы жасалды.

7. Марек ауруына қарсы вакцина дайындау технологиясы жасалды.

**Марапаттары:** Қазақстанның Құс шаруашылығы одағын басқару Кеңесінің шешімімен мерейтойлық «Өндірістік құс шаруашылығына 50 жыл» медалімен марапатталды.